

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қазоңтүстікгипросушар" жобалау-ізвестіру институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2003 жылғы 24 қаңтар N 89

"Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік азық-түлік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 тамыздағы N 864 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қазоңтүстікгипросушар" жобалау-ізвестіру институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің "Қазагромелиосушар" республикалық әдістемелік орталығы" мемлекеттік мекемесі" (бұдан әрі - Мекеме) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Мекеме қызметінің негізгі мәні суландыру жүйелері жай-күйінің мониторингін жүргізу, суармалы телімдердің құрылысын жобалауды жүзеге асыру, нормативтік әдістемелік құжаттар әзірлеу болып белгіленсін.

3. Мекеме штат санының лимиті 23 бірлік санында бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) Мекеменің жарғысын бекітсін;
- 2) Мекеменің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 3) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

5 . < \* >

*Ескерту. 5-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.06. N 310 қаулысымен .*

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*